УДК 614 (078.8)
ББК 51.21я73
Н 53

**Пікір білдіргендер:**

*У.И. Кенесариев* – медицина ғылымының докторы, профессор, ҚазҰМУ жалпы гигиена және экология кафедрасының меңгерушісі.

*А.Ж. Шарбаков* – медицина ғылымының докторы, кафедра меңгерушісі

*А.А. Амереев* – медицина ғылымының докторы, эпидемиология кафедрасының меңгерушісі.

Қазақ тіліне аударғандар: *Арынова Г.А., Елгондина Г.Б.*

Н 50 Коммуналдық гигиенадан практикалық сабаққа арналған оқулық: Б.А. Неменко., Д.Б. Бекказинова, Г.А. Арынова, Г.Б. Елғондина. Оқулық. - Алматы: ЖК «АҚНҰР баспасы», 2013. - 426 б.

**ISBN 978-601-7508-01-2**

Оқулықта Қазақстандағы жоғары медициналық оқу орындары студенттері мен оқытушылары үшін жеткілікті көлемде коммуналдық гигиена пәні бойынша практикалық сабағына арналған мәліметтер берілген. Қазіргі кездегі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитарлық заңнамаларындағы бірқатар өзгерістер мен толықтырулар ескеріліп қарастырылған. Оқулықта Қазақстан Республикасы аймағында күшіне енген Санитарлық Ережелер мен Нормаларға, сызба материалдарын оқып, түсіну, қауіп-қатерлік факторларды бағалау кезіндегі өзіндік жұмысына ерекше көңіл бөлінген.

УДК 614 (078.8)
ББК 51.21я73

**ISBN 978-601-7508-01-2**

© Б.А. Неменко, Д.Б. Бекказинова,
Г.А. Арынова, Г.Б. Елғондина, 2013

© ЖК «АҚНҰР», 2013



2003 жылға дейін Қазақстанда медициналық жоғарғы оқу орындарының студенттеріне коммуналдық гигиена пәнін оқыту бұрынғы КСРО кезіндегі оқулықтар негізінде жүргізілді. Бірақ Қазақстан Республикасы егемендігін алғаннан кейін, бұрынғы КСРО-да бекітілген барлық нормативтік актілер бұл аймақта қолдану күшін жойды және осыған орай барлық санитарлық заңнамалар толығымен қайта қарастырылды. 2003 жылы Қазақстан Республикасында орыс тілінде жоғарғы оқу орындарына арналған алғашқы отандық «Коммунальная гигиена» оқулығы, 2004 жылы осы оқулық мемлекеттік тілде, сонымен қатар одан кейін медициналық колледждерге арналған оқулық 2 тілде де шығарылды.

Жоғарыда айтылғандарға орай, Мемлекеттік стандартқа және типтік бағдарламаға сәйкес отандық «Коммуналдық гигиенадан практикалық сабаққа арналған оқулық» шығару міндеті туындады, соңғы коммуналдық гигиена пәні бойынша практикалық сабаққа арналған басшылық оқулығынан (Гончарук Е.И., 1990 ж.) айырмашылығы бұнда «жобаның графикалық материалдарын оқып түсіну» бөлімі бар және Қазақстан Республикасының барлық негізгі санитарлық заңнамалары бойынша нормативтік актілері берілген. Оқулықта Ленинградтық санитарлық-гигиеналық институттың кейбір мәліметтері қолданылды (проф. В.А. Рудейко), сонымен қатар академик Ю.А. Рахманиннің басшылығымен өңделген қауіптілік факторлар концепциясының принциптері қолданылды.

Бұл оқулықта коммуналдық гигиена бойынша санитарлық дәрігердің сумен қамтамасыз ету, жер беті және жер асты суларын және атмосфералық ауаны қорғау, тұрғын және қоғамдық ғимараттар құрылысын салу, көліктік шуды бағалау сияқты жобаларға сараптама жүргізу кезіндегі өзіндік жұмысына ерекше көңіл бөлінген. Ағымды санитарлық бақылау кезінде қоршаған орта нысандарынан сынама алу әдістеріне және қазіргі заманғы аналитикалық аспаптарға аса көңіл бөлінген. Коммуналдық гигиенаның бөлімдері бойынша санитарлық-эпидемиологиялық сараптама жүргізудің әдістемесі берілген және оларға нақты мысалдар келтірілген.

Қазақстан Республикасында алғаш рет ауадағы өлшенді заттарды гигиеналық бағалау әдістемесі атмосфералық ауаның ластануының интегралдық көрсеткіші ретінде қарастырылған. АҚШ қоршаған ортаны қорғау Агенттілігінің зерттеулерінде қолданылған атмосфералық ауа мен ауыз судың ластануы кезіндегі тұрғындар денсаулығы үшін қауіптілік факторын есептеуге арналған әдістемесі студенттерге қажетті болып табылады, өйткені ол санитарлық дәрігердің жұмысында қолданылады.